

Темір ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 231 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Темір аудандық әкімдігінің 2020 жылғы 12 қазандағы № 207 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 қазанда № 7532 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Темір ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Темір ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 231 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген № 4020, 2014 жылды 12 қыркүйегінде аудандық "Темір" газетінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

атауы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды белгілеу туралы"

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Темір аудандық әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір аудандық әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Темір ауданының әкімі

Ж. Батырхан

"Келісілді"

Аудандық аумақтық сайлау
комиссиясының төрағасы М.Әміров

"___" 2020 жыл

2020 жылғы 12 қазаны № 207

қаулысына қосымша

Темір ауданы әкімдігінің

2014 жылғы 22 тамыздағы

№ 231 қаулысына қосымша

Темір ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

| № | Орналастыру орындары және үгіттік баспа материалдарының атауы | мекенжайы | саны |
|----|--|---|------|
| 1 | Ақсай ауылдық округі, Ақсай ауылы, Мәдениет үйі ғимаратының алдында орналасқан стенді | Ақсай ауылы, Төсбұлақ көшесі №4 | 1 |
| 2 | Ақсай ауылдық округі, Шығырлы ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді | Шығырлы ауылы, Ә.Молдағулова көшесі №2 | 1 |
| 3 | Алтықарасу ауылдық округі, Алтықарасу ауылы, Мәдениет үйі ғимаратының алдында орналасқан стенді | Алтықарасу ауылы, Қарабас көшесі №12 | 1 |
| 4 | Жақсымай ауылдық округі, Шұбарқұдық ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді | Шұбарқұдық ауылы, Мектеп көшесі № 1 | 1 |
| 5 | Қайынды ауылдық округі, Құмқұдық ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді | Құмқұдық ауылы, Мектеп көшесі №6 | 1 |
| 6 | Кенқияқ ауылдық округі, Кенқияқ ауылы, Мәдениет үйі ғимаратының алдында орналасқан стенді | Кенқияқ ауылы, Парк көшесі №9Б | 1 |
| 7 | Кенестуы ауылдық округі, Қопа ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді | Қопа ауылы, Саябақ көшесі №43 | 1 |
| 8 | Сарқөл ауылдық округі, Сарқөл ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді | Сарқөл ауылы, Мектеп көшесі №32 | 1 |
| 9 | Сарқөл ауылдық округі, Шұбарши кенті, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді | Шұбарши кенті, Геолог көшесі №25А | 1 |
| 10 | Тасқопа ауылы, Ауылдық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді | Тасқопа ауылы , Мектеп көшесі №20 | 1 |
| 11 | Темір қаласы, Қалалық клубы ғимаратының алдында орналасқан стенді | Темір қаласы, Сактаған Бейішев көшесі №6 | 1 |
| 12 | Шұбарқұдық ауылдық округі, Шұбарқұдық кенті, Шұбарқұдық айналым пайдалану локомотив депосы ғимаратының алдында орналасқан стенді (келісім бойынша) | Шұбарқұдық кенті, Депо көшесі 2А | 1 |

| | | | |
|----|--|--|---|
| 13 | Шұбарқұдық ауылдық округі, Шұбарқұдық кенті, "Н.Байғанин атындағы Темір аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының гимаратының алдында орналасқан стенді | Шұбарқұдық кенті, Нұрпейіс Байғанин көшесі №3 | 1 |
| 14 | Шұбарқұдық ауылдық округі, Шұбарқұдық кенті, "Азаматтарға арналған үкімет " мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ақтөбе облысы бойынша филиалы" Халыққа қызмет көрсету бойынша Темір аудандық бөлімі гимаратының алдында орналасқан стенді (келісім бойынша) | Шұбарқұдық кенті, Нұрпейіс Байғанин көшесі №15/3 | 1 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК